



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Шілде 2025

Жылдық инфляция 2025 жылғы шілдеде осыған дейінгі 11,8% деңгейінде сақталды (маусымда – 11,8%). Азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының жылдық мәнде өсуі тиісінше 11,2%-ға (маусымда – 10,6%) және 9,5%-ға дейін (маусымда – 9,4%) жеделдеді, ал ақылы көрсетілетін қызметтер бағасы 14,9%-ға дейін (маусымда – 16,1%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 12 өңірде жеделдеді, 1 өңірде өзгеріссіз қалып, 7 өңірде бәсеңдеді. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды облысында (13,8%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2024 шілде – 2025 шілде), %-бен

Қарағанды	10,6	13,8
Алматы қ.	8,6	13,2
Абай	8,1	12,4
Ақмола	9,2	12,4
Астана қ.	10,8	12,3
Солтүстік Қазақстан	8,9	12,0
Шығыс Қазақстан	9,0	11,9
Қазақстан Республикасы	8,6	11,8
Ұлытау	6,7	11,8
Ақтөбе	8,6	11,7

Атырау	8,8	11,7
Батыс Қазақстан	8,5	11,6
Шымкент қ.	7,5	11,4
Түркістан	7,1	11,2
Қостанай	7,7	10,8
Алматы	5,7	10,7
Жетісу	8,7	10,6
Қызылорда	7,5	10,4
Жамбыл	7,9	10,1
Маңғыстау	10,4	10,0
Павлодар	9,5	10,0

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда **азық-түлік** тауарларының бағасы Ақмола облысында (14,0%), Шымкент қ. (13,5%), Қарағанды (12,9%), Солтүстік Қазақстан (12,7%), Ұлытау (12,4%), Батыс Қазақстан (12,3%), Түркістан (12,2%), Шығыс Қазақстан (12,1%), Жетісу (12,0%), Абай (11,9%) облыстарында және Астана қаласында (11,6%) ел көлемінде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 11,2%) жоғары болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы Абай (12,2%), Ұлытау (11,6%), Атырау (10,9%), Ақмола және Түркістан (10,8%-дан), Ақтөбе (10,6%), Солтүстік Қазақстан (10,5%), Маңғыстау (10,2%), Қарағанды (10,1%), Қызылорда және Шығыс Қазақстан (9,9%-дан) облыстарында, сондай-ақ Астана қаласында (9,7%) ел көлемінде қалыптасқан деңгейден (ж/ж 9,5%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден (ж/ж 14,9%) жоғары болды: Алматы қаласында (21,7%), Қарағанды (17,9%) және Атырау облыстарында (15,2%).

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызмет инфляциясы
Қазақстан Республикасы	11,2	9,5	14,9
Ақмола	14,0	10,8	12,2
Ақтөбе	10,9	10,6	13,5
Алматы	11,2	9,1	12,4
Атырау	10,2	10,9	15,2
Батыс Қазақстан	12,3	8,5	13,9
Жамбыл	10,3	8,4	12,4
Қарағанды	12,9	10,1	17,9
Қостанай	10,0	9,1	13,9
Қызылорда	10,2	9,9	11,8
Маңғыстау	10,1	10,2	9,3
Павлодар	10,1	7,0	13,3
Солтүстік Қазақстан	12,7	10,5	13,2
Түркістан	12,2	10,8	10,0
Шығыс Қазақстан	12,1	9,9	13,8
Астана қ.	11,6	9,7	14,4
Алматы қ.	8,8	7,9	21,7
Шымкент қ.	13,5	8,3	11,9
Абай	11,9	12,2	13,4
Жетісу	12,0	8,9	9,8
Ұлытау	12,4	11,6	11,0

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2025 жылғы шілдеде елде **айлық инфляция 0,7%** болды. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Ұлытау облысында (1,1%) байқалды.

2-кесте. 2025 жылғы шілдеде өңірлердегі айлық инфляция, %

Қазақстан Республикасы	0,7
Ұлытау	1,1
Алматы	1,0
Маңғыстау	1,0
Шымкент қ.	1,0
Солтүстік Қазақстан	0,9
Ақмола	0,8
Қарағанды	0,8
Абай	0,8
Жетісу	0,8
Ақтөбе	0,7

Атырау	0,7
Жамбыл	0,7
Павлодар	0,7
Астана қ.	0,7
Қызылорда	0,6
Шығыс Қазақстан	0,6
Қостанай	0,5
Алматы қ.	0,4
Батыс Қазақстан	0,3
Түркістан	0,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ